

ЖАҢА АЙЫПТАУ АКТІСІ

Абай ауылы

18 тамыз 2025 жыл

Келес ауданының прокуроры Н.С.Ешенқұлов, Келес ауданы, Абай ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 8В мекенжайы бойынша орналасқан Келес ауданы прокуратурасы ғимаратындағы қызметтік бөлмеде, 18.08.2025ж. СДТБТ-не (20.03.2025ж.) №255100041000018 санымен тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеру құжаттарын қарап, ҚПК 193, 299, 302, және 340-баптарын басшылыққа ала отырып, төменде көрсетілген айыпталушыға қатысты жаңа айыптау актісін жасады:

Дуйсембиев Марат Елепбердиевич,
02.07.1976 жылы Түркістан облысында (бұрынғы ОҚО) туылған, ұлты қазақ, білімі орта, отбасылы, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, 1-Мамыр ауылы, Қызыл бұлақ көшесі, №42-үй тұрғыны (Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, 1 мамыр елді мекені, Қызыл бұлақ көшесі, №67 үйде тіркеуде), Келес аудандық сотының 22.12.2020ж. үкімімен ҚР ҚК 405-бабы 1,2-бөліктері бойынша 3 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жазасына сотты болған, «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған, ҚР ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Яғни, М.Дуйсембиев алдын экстремистік қылмыс жасағаны үшін сотты болса да, өзіне тиісті нәтиже шығармай, Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған халықаралық террористік топтардың көзқарастарын қолдап, олардың іс-әрекеттеріне оң көзбен қарап, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы, ақпарат құралдары немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, терроризмді насихаттайтын мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында оларды сақтап, таратып, **ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты төмендегі жағдайда қасақана жасаған.**

Атап айтқанда, ҰҚК Түркістан облысы бойынша Департаментінің Келес аудандық бөлімімен Интернет желісінде жүргізілген мониторинг нәтижесінде, айыпталушы М.Дуйсембиев өз атына тіркелген «TikTok» желісіндегі «id:7130680895695127578 - @maratdusembiev» әлеуметтік парақшасы арқылы діни экстремизм және терроризм идеологиясын насихаттайтын «Ал-Ихван аль Муслимун» ұйымының мағынасына тиесілі радикалды тұрғыдағы бейне ролик материалдарын ашық түрде насихаттап, сақтап және таратқаны анықталған.

13.02.2025 жылы Түркістан облысы прокурорының санкциялаған қаулысымен жүргізілген жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде, айыпталушы М.Дуйсембиев терроризмді насихаттайтын әр түрлі діни уағыздар мен бейне роликтермен танысып, оны телекоммуникация желілері пайдалана отырып тарату үшін, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, Бесқұбыр ауылында бола тұра, «TikTok» желісіндегі «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік парақшасына ашық түрде, 23.12.2023 жылы Аминов Ильнур Халитовичтің (РФ экстремисттік және террористтік ұйымға қатысты ретінде танылған) @amin_khalifa парақшасына Палестинаны азат ету негізінде жиһадқа шақыру туралы жариялаған бейнежазбасымен бөлісе отырып (өзінің парақшасына «репост» жасап), «TikTok» әлеуметтік желісінің қолданушыларына танысу үшін ашық жариялап таратып, терроризмді насихаттаған.

Әрі қарай М.Дуйсембиев Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, Бесқұбыр ауылында бола тұра, «TikTok» желісінде «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік парақшасына ашық түрде, 29.10.2024 жылы «Шамиль» есімді блогердің @shamil_boroda парақшасына Палестинадағы соғысқа байланысты жиһадқа халықты жұмылдыру керектігі туралы жариялаған бейнежазбасымен бөлісе отырып (өзінің парақшасына «репост» жасап), «TikTok» әлеуметтік желісінің қолданушыларына танысу үшін ашық жариялап таратып, терроризмді насихаттаған.

Айыпталушы М.Дуйсембиев осымен шектелмей, өз қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттерін жалғастыра отырып, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, 1-Мамыр ауылында бола тұра, «TikTok» желісінде «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік парақшасына ашық түрде, 04.01.2025 жылы @islamkcherkes парақшасына Палестинадағы соғыс жайындағы жариялаған стрим бейнежазбасымен бөлісе отырып (өзінің парақшасына «репост» жасап), «TikTok» әлеуметтік желісінің қолданушыларына танысу үшін ашық жариялап таратып, терроризмді насихаттағаны құжаттандырылған.

Тергеп-тексеру барсында айыпталушы М.Дуйсембиевтың «TikTok» желісінде яғни, телекоммуникация желілері пайдалана отырып ашық түрде таратқан, терроризмді насихаттаған бейнежазбаларымен @aceuzhcc аккаунт қолданушысы Н.Тұраров танысып, өзінің санасы мен ерік-жігеріне, зорлық-зомбылық идеологиясы мен терроризм әрекеттеріне қатысты әсерлер алғандығы анықталған.

25.04.2025ж. №42 кешенді сот психологиялық-филологиялық және сот дінтанушылық сараптамасы өндірісі бойынша сарапшының қорытындысына сәйкес:

-Зерттеуге ұсынылған объект мәтіндеріндегі көзқарастар мен ойлар Ал-Ихван аль-Муслимун (Мұсылман бауырлар Ассоциациясы) ұйымына жатады.

-Зерттеуге берілген объектінің /0d9af17c5a5542b335071ba2f9b426ce.mp4/ атауымен сақталған бейнежазбасын, келесі мағынада: «Бұл саясаткерлер мен бұқаралық ақпарат құралдары жұртшылықты сендіргісі келетіндей жиһад терроризм емес.

Жиһад бұл әскери оккупацияға қарсы күрес Батыс пен оның бірлескен достары бұл соғысты жазықсыз бейбіт тұрғындарға және балаларға қарсы жүргізгендей емес. Жиһад барысында Палестинадағы әйелдер мен еркектер балалар босатылады. Жиһад барысында Палестинаның бүкіл құдай берген жер заңсыз террористік сионистік оккупациядан босатылады ол этникалық тазартуға жатпай өлтіруге және өзін қорғауға құқығы жоқ адамдардан жерді ұрлауға негізделген өйткені олардың тіпті өмір сүруге құқығы жоқ. Жиһад-бұл міндет. Жиһад бұл сөзсіз болашақ сионистер мен исламға қарсы батыс мемлекеттері оны қаншалықты әсек көретіні маңызды емес. Біз кеше жиһадқа шақырдық, оны бүгін шақыруды жалғастырамыз және ертең шақырамыз. Оны Газадағы террористік актілер арқылы да өтірік пен қорқыту арқылы да бүкіл әлемде құдалау тоқтату да мүмкін емес».

- Зерттеуге берілген объектінің /22ble289d375d9c89a15136448fd89a4.mp4/ атауымен сақталған бейнежазбасын, келесі мағынада: «Барлықтарыңызға ассалам алайкум! Барлығыңызға сәлем. Барлық ислам мемлекеттерінің басшыларына үндеу. Алла үшін өтініш. Мен сізден Алла үшін сұраймын. Алла үшін сізден үндемеуіңізді сұраймын қимылдарды тоқтатындар деген сияқты шетте тұрмаңыз, әрекет етуді бастаңыз. Кем дегенде еріктілерді жұмылдыруды жариялаңыз. Мен сенімдімін екі миллиардқа жуық, шамамен екі миллиард мұсылман, мен сенімдімін өте көп миллиардтан астам мұсылман өлуге дайын егер қажет болса Палестинадағы бауырларымыз бен қарындастарымыздың жанында болуға. Аллаға ант етемін еріктілерді жұмылдырыңыз мен бұл қатарда бірінші боламын».

- Зерттеуге берілген объектінің /escb4e36b263e2bb4a14c3a35912e208e.mp4/ атауымен сақталған бейнежазбасын, келесі мағынада: «- Мен Израильденмін 300 000 (үш жүз мың) палестиналықтарды өлтірдік.

- Сен білесің бе сіз Газада өлтірген адамдардың жартысы балалар екендігін? Газа секторында қаза тапқан балалардың орташа жасы 5 жасты құрайды. Сіздің ойыңызша не болады бұл балалар өскенде досым олар әлі өскен жоқ және бұл балалар олар ересек емес. Жауап берші олар өстіме иә немесе жоқ? Олар біреуді өлтірді ме иә немесе жоқ? Олар израильдіктерге бірдеңе жасады ма? Иә немесе жоқ? Жоқ

- Менің ойымша сіз жағдайды түсінбейсіз өйткені хамас

- Мен жағдайды түсінбеймін деген нені білдіреді

- Күте тұрыңыз сен мұсылмансың ба?

- Неліктен бұл маңызды?

- Өйткені егер сен мұсылман болсаң мен саған миың жуылғанын түсіндім Мен бұл туралы ештеңе істей алмаймын

- Сен қазір не дедің? Мен мұсылман болғандықтан миымды жуды деп айтқыңыз келе ме? Осылайша сен тек палестиналықтарды әсек көрмейсіз. Сен исламафобсың.

- Оларды тірі қалдырудың мағынасы жоқ менің досым. Біз олардың барлығын жоюды жалғастыруымыз керек менің досым

- Не үшін?

-Бұл сондай (чертовский) ақылға қонымды мағына менің досым» бейнежазбалары (аударма) мәтіндерінде терроризмді насихаттау белгілері бар, - деп көрсетілген.

ҚР Жоғарғы сотының 15.03.2005 жылғы шешімімен «Асбат аль-Ансар», «Мұсылман бауырлар Ассоциациясы», «Боз гурт» сияқты басқа да атаулары бар ұйымдардың қызметі террористік деп танылып, оның қызметіне Қазақстан Республикасы аумағында тыйым салынған.

«Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 08.12.2017ж. №11 нормативтік қаулысының 16-тармағына сәйкес адамның (адамдардың) бойында террористік әрекеттер жасауға не мұндай әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздеуге немесе ақтауға ұмтылыс тудыру

мақсатында, оның (олардың) санасы мен ерік-жігеріне әсер ету арқылы зорлық-зомбылық идеологиясы мен терроризм практикасын қамтитын материалдарды немесе ақпаратты кез-келген тәсілмен таратуды терроризмді насихаттау деп түсінген жөн.

Терроризмді насихаттау зорлық-зомбылық идеологиясы мен терроризм практикасын тарату әрекеттерін жасаған кезден бастап аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды. Терроризмді насихаттағаны үшін адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін тарату тәсілі маңызды емес. Насихаттау ауызша сөздер не жазбаша немесе баспа материалдарын тарату арқылы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдаланумен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен, Дуйсембиев Марат Елепбердиевич, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, терроризмді насихаттаған, яғни өзінің іс-әрекетімен ҚР ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінде көрсетілген ауыр санаттағы қылмысты қасақана жасаған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес, ықтимал тәркіленуге жататын айыпталушы **М.Дуйсембиевтың** мүліктері анықталмады.

(2 бума, 20-28 і.б.)

Айыпталушының жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын жағдайы:

Қазақстан Республикасы ҚР ҚК-нің 53-бабы бойынша айыпталушы **М.Дуйсембиевтың** қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлары (азаматтық некедегі) жас балаларының болуы.

(2 бума, 168-178 і.б.)

Қазақстан Республикасы ҚР ҚК-нің 54-бабы бойынша айыпталушы **М.Дуйсембиевтың** қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

Жәбірленуші туралы мәліметтер, келтірілген залал көлемі:

Қылмыстық іс бойынша жәбірленушілер анықталған жоқ.

Айыпталушы туралы мәлімет:

Дуйсембиев Марат Елепбердиевич, 02.07.1976 жылы, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысында (бұрынғы ОҚО) туылған, Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ, білімі орта, отбасылы, уақытша жұмыссыз, Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, 1 Мамыр ауылы, Қызыл бұлақ көшесі, №42 үй тұрғыны (Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округі, 1 мамыр елді мекені, Қызыл бұлақ көшесі №67 үйде тіркеуде), Келес аудандық сотының 22.12.2020 жылғы үкімімен ҚР ҚК-нің 405-бабының 1, 2-бөліктері бойынша кінәлі деп танылып, осы баппен 3 жыл 6 айға бас бостандығынан

іздеу жазасына сотты болған, «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған (Ұсталған уақыты 10.06.2025ж. 12 сағ. 51 мин).

Айыпталушы **М.Дүйсембиев** ҚР ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны, қылмыстық істің келесі материалдарымен және заттай дәлелдемелерімен дәлелденген, атап айтқанда:

- 20.03.2025 жылғы ҚР ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді СДТБТ-ге тіркеу баянатымен;
(1 бума, 1 і.б.)

- 20.03.2025 жылы қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянатымен;
(1 бума, 3 і.б.)

- 11.02.2025 жылғы Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа құрылғылардан ақпаратты жасырын алу туралы қаулысымен;
(1 бума, 9-10 і.б.)

- 26.03.2025 жылғы арнайы іздестіру іс-шаралардың «АІШ-4» нәтижесін зерттеу хаттамасымен;
(1 бума, 12-25 і.б.)

- 05.06.2025 жылғы заттай дәлелдемелер ретінде тану және қылмыстық іске қоса тігу туралы қаулымен (№176қ, №177қ АІШ-4 жазылған DVD дискілер);
(1 бума, 26 і.б.)

- 25.04.2025 жылғы №42 бір реттік саясаттанушыны сарапшы ретінде тарта отырып кешенді сот психологиялық-филологиялық және сот дінтанушылық сараптама қорытындысымен;
(1 бума, 45-82 і.б.)

- 14.06.2025 жылғы нәрселер мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасымен (айыпталушы М.Дүйсембиевтың ұялы телефонын қарау);
(2 бума, 31-37 і.б.)

- 14.06.2025 жылғы заттай дәлелдемелер ретінде тану және қылмыстық іске қоса тігу туралы қаулымен (айыпталушы М.Дүйсембиевтың ұялы телефоны Vivo V23);
(2 бума, 38 і.б.)

- 23.06.2025 жылғы нәрселер мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасымен (айыпталушы М.Дүйсембиевтың қолданысындағы абоненттік нөмірлердің қозғалысы жазылған DVD дискіні қарау);
(2 бума, 91-95 і.б.)

- 23.06.2025 жылғы заттай дәлелдемелер ретінде тану және қылмыстық іске қоса тігу туралы қаулымен (айыпталушы М.Дуйсембиевтың қолданысындағы абоненттік нөмірлердің қозғалысы жазылған DVD дискі);

(2 бума, 96 і.б.)

- 27.06.2025 жылғы нәрселер мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасымен (қуә Н.Тұраровтың қолданысындағы ұялы телефонды қарау);

(2 бума, 124-127 і.б.)

- 27.06.2025 жылғы заттай дәлелдемелер ретінде тану және қылмыстық іске қоса тігу туралы қаулымен (қуә Н.Тұраровтың қолданысындағы Iphone14 ұялы телефоны);

(2 бума, 128 і.б.)

- Айыпталушы М.Дуйсембиевтың жауаптарымен;

(1 бума, 170-174, і.б.)

(2 бума, 5-7, і.б.)

- Қуә Н.Тұраровтың жауабымен;

(2 бума, 98-103 і.б.)

- 17.06.2025 жылғы шығыс №21/В1-474 «Tele2»-АҚ-ның жауап хатымен;

(2 бума, 59 і.б.)

- 25.06.2025 жылғы шығыс №8-18-3-285 «КарТел» ЖШС-нің жауап хатымен;

(2 бума, 61 і.б.)

ҚР БП ҚСЖАЕК психиатрия және наркология диспансерлерінің анықтамаларына сәйкес айыпталушы М.Дуйсембиев есепте тұрмайды.
(2 бума, 20-28 і.б.)


ҚР БП ҚСЖАЕК анықтамасына сәйкес айыпталушы М.Дуйсембиев 22.12.2020 жылы ҚР ҚК-нің 405-бабының 1, 2-бөліктері бойынша Келес аудандық сотының үкімімен 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеу жазасына сотты болған, 15.12.2023 жылы соттылығы өтелген, басқа мәліметтер жоқ.

(2 бума, 20-28 і.б.)

- 02.07.1976 ж.т. Дуйсембиев Марат Елепбердиевич, ҚР ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігімен ауыр санаттағы қылмысты қасақана жасағаны бойынша айыпталды.

Жаңа айыптау актісі 18.08.2025 ж. Келес ауданының прокуратурасында жасалды және Келес аудандық сотына қарау үшін жолданып отыр.

Келес ауданының прокуроры
аға әділет кеңесшісі



Н.Ешенқұлов